

"Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Қазақ ақпарат агенттігі (ҚазААГ)" республикалық қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 8 қараша N 1186

Қазақ ақпарат агенттігін одан әрі дамыту, қазіргі заманғы менеджмент пен маркетинг негізінде оның бәсекелестік қабілетін арттыру және инвестицияларды тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Қазақ ақпарат агенттігі (ҚазААГ)" республикалық қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "Қазақ ақпарат агенттігі (Қазақпарат)" ұлттық компаниясы ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) Қоғамның жарғысын бекіткен кезде ақпарат сипатындағы хабарламалар мен материалдарды жинау, өңдеу және тарату оның қызметінің негізгі мәні деп белгілесін;
- 2) Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

осы қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-29-жолмен толықтырылсын:

"21-29 "Қазақ ақпарат агенттігі (Қазақпарат)"

ұлттық компаниясы ААҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 224-17-жолмен толықтырылсын:

"224-17 "Қазақ ақпарат агенттігі (Қазақпарат)"

ұлттық компаниясы ААҚ";

3) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1180 қаулысымен .

4) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1180 қаулысымен; 05.08.2013 № 796 қаулыларымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі